

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми -
әдістемелік кеңесінің
2020 ж. «22» 06 мәжілісінің
№ 6 хаттамасымен бекітілген
Оқу ісі жөніндегі проректор
_____А.К. Хикметов**

**«8D02203 - ДІНТАНУ»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН МАМАНДЫҚ БОЙЫНША
ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D02203 - Дінтану» мамандығы бойынша Эксперименталды білім беру бағдарламасына сәйкес жасалған. Бағдарламаны құрастырушылар филос.ғ.д., профессор Рысбекова Ш.С., филос.ғ.д, профессор Кұрманалиева А.Д., магистр, аға оқытушы Карыбаева А.Н.

Бағдарлама Дінтану және мәдениеттану кафедра мәжілісінде қарастырылған
2020 ж. _____ Хаттама № _____
Кафедра меңгерушісі _____ А.Д. Кұрманалиева

Философия және саясаттану факультетінің әдістемелік бюросында мақұлданған
2020 ж. _____ Хаттама № _____
Әдістемелік бюро төрағасы _____ М.П. Кабакова

Философия және саясаттану факультетінің
Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген
2020 ж. _____ Хаттама № _____

Ғылыми кеңес төрағасы,
Факультет деканы _____ А.Р. Масалимова

Ғалым хатшы _____ Ж.У. Кантарбаева

МАЗМҰНЫ

Мамандыққа қабылдау емтихандарының мақсаты мен міндеттері.

Докторантураға қабылдау емтихандарының *мақсаты* – жалпы теориялық дайындық деңгейін және ҚазҰУ-да 8D02203-«Дінтану» Білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураға түсушілердің ғылыми зерттеулерін орындауға дайындығын анықтау болып табылады.

Емтихан міндеттері:

1. Ғылыми дінтанулық зерттеулерінің нәтижелерін талдай білу және оларды дінтану саласындағы зерттеу мәселелерін шешуде қолдану;
2. Дінтану саласындағы зерттеу міндеттерін ерекше шешу үшін жеке креативті қабілеттерді пайдалануға дайын болу;
3. Дінтану ғылымының заманауи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеуді өз бетінше жүзеге асыруға дайындық;
4. Педагогикалық және ғылыми-зерттеу шеберлігіне қабілеттілік;

«8D02203 – Дінтану» мамандығы бойынша докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар.

Конкурстық іріктеу шарттары «8D02203 - Дінтану» мамандығы бойынша магистратураға қабылдаудың үлгі ережесі және мемлекеттік білім стандарты негізінде әл Фараби атындағы ҚазҰУ арқылы жүзеге асырылады.

Талапкер міндетті

дінтану зерттеулерінің таңдаулы саласындағы ғылыми теорияларды, тұжырымдамаларды түсіндіру;

дінтану зерттеулерінің таңдаулы саласындағы ғылыми зерттеулердің жай-күйін түсіндіру;

зерттеу саласындағы өзекті мәселелерді анықтау, сондай-ақ ғылыми дінтану зерттеулерінің нәтижелерін талдау.

Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

Пререквизиттер қатарына кіреді: «MR 6201 Дінтану методологиясы» - 3 кр», «SRP 5207 Дінтанудың қазіргі заманғы мәселелері - 3 кр», «FRDv 6202 XX ғасырдағы дін философиясы - 3 кр». (Орысшасында кодтары басқа)

Емтихан тақырыптары

Пән «Дінтану әдіснамасы»

Дінді түсіндірудегі ғылыми бағыттың қалыптасу ерекшеліктері

Дінтану өз пәні мен әдісі бар жеке ғылым саласы. Әдіснамалық негіздемелері. Дін туралы ғылым және діндер тарихы. Дінді түсіну мен оқуды антропологиялық, этнологиялық, әлеуметтік және т.б. зерттеу әдістерімен өзара байланыс ретінде қарастыру. Дін туралы ғылыми білім. Және атеизм. Діни сана эволюциясының тарихына қатысты ғылыми бағыттар. .(Э.Б. Тэйлор, Дж. Фрэзер)

Діни дүниетаным және ғылыми түсінік.

Әлемді діни тұрғыда қабылдауға ғылымның ықпалы. Дін психологиясы зерттеулері: сенімнің субъективтік мотивтерінің сараптамасы (У. Джеймс) - методологиялық бағыттардың қалыптасуы. Философиядағы ықпалды бағыттардың көзқарастары бойынша.

Қазіргі дін философиясының қалыптасуының алғы шарттары (методологиялық негіздері). Қазіргі дінтанудың дін философиясы мен философиялық теологиядағы діни сенімдердің философиялық-ғылыми сараптамасы. Қазіргі дін философиясының пәндік саласы, діни сенімдердің ақиқаттылығы және рациональдығы, діни тіл ерекшеліктері.

Дінтанулық таным әдісі

Дінтану әдісінің ұғымы. Дінтану әдісінің топтамасы. Дінтанудағы басқа ғылым салаларында да қолданылатын жалпы философиялық, әлеуметтік-философиялық, арнайы

жалпы ғылыми және жеке ғылыми, теориялық және эмпирикалық әдістері және олардың мінездемелері. Жалпы ғылыми бағыттар. Жүйелі бағыт бүтін объектілерді зерттеудің әдіснамасы ретінде. Таза дінтанулық бағыттар. Мазмұндау принциптері және мінездемелері. Қазіргі адамдар үшін дінтанулық әдіснамалар туралы түсініктердің мәні.

Дінтану дін туралы

Діннің анықтамасы. Анықтаманың түрлері: теологиялық түсіндірме (Э. Трельч, Р. Отто, П.А. Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукман және басқалар.) философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф.Гегель, Л. Фейербах және басқалар.), социологиялық (М. Вебер, Б. Малиновский, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс және басқалар) биологиялық және психологиялық (У. Джеймс, Л. Леви-Брюль, З. Фрейд, Э. Фромм, К.Г. Юнг және басқалар.), этнологиялық бағыт. Әлеуметтік гуманитарлық ой тарихындағы дін: әдіснамалық аспектілері. Дінді ғылыми тұрғыда танудың принциптері.

Дінтанулық зерттеулердің негізгі категориялары

Дінтануда жалпы философиялық және әлеуметтік-философиялық категориялар қолданылады: «болмыс, сана, таным, көрініс, символ, ақиқат, адасу, қиял, елес, қоғам, материалдық және рухани өндіріс, мәдениет, жаттану» және басқалар. Логикадан, этикадан, эстетикадан кірген ұғымдар және терминдер,: «белгі, мән, мағына, ұят, жауапкершілік, мейрімділік, жанашырлық, сұлулық» және т.б. Жалпы ғылыми ұғымдар: «жүйе, мазмұн, қызмет, рөл, заң» және т.б. Жеке ғылыми ұғымдар: «ғасыр, құқық, елес, вера, сезім, көңіл-күй, азап, араласу, тіл, өмір, өлім» және т.б.. Арнайы дінтанулық ұғымдар мен терминдер: «дін, теология, діни культ, шіркеу, конфессия, храм, дұға» және т.б. Ғылымда дінге қарағанда мағыналары басқаша түсіндірілетін «Құдай, періште, тозақ, жұмақ, Бодхисаттва, аян берілу, карма» сияқты ерекше орынға ие ұғымдар мен терминдер. Діндегі өзгерістер процессін көрсететін ұғымдар классы: «даму мен эволюция, сакрализация, секуляризация, детеологизация, демифологизация, модернизация» және т.б.

Дінді топтамалау мәселесі

Дінді әр түрлі белгілерінің негізінде сараптаудың нәтижесінде топтамалау мәселесі. Политеистік. Монотеистік, өлі, тірі, жазбалы, жазуы жоқ. Г.В. Гегелдің дін топтамасы. Тайпалық, ұлттық және әлемдік діндер. Дінтанудағы салыстырмалы-тарихи парадигма. П. Пикардің «Әлемнің барлық халықтарының діни ғибадаты мен марапаттары» («Религиозные обряды и церемонии всех народов мира»). XVIII ғасырдағы салыстырмалы дінтану. XIX ғасырдағы салыстырмалы дінтану. XX ғасырдағы салыстырмалы дінтану.

Діндер тарихы: әдіснамалық бағыттардың қалыптасуы

Діндер тарихы дінтанудың бір саласы ретінде. В XVIII ғасырдағы француз ағартушысы, энциклопедист Ш. де Бросс және XIX ғасырдағы француз ғалымы және философы Ш.Ф. Дюпюи шығармаларындағы діндер тарихының мәселелері. Діндер тарихының дамуына неміс теологтары мен тарихшылары үлес қосты, тюринген мектебінің өкілдері Ф.К. Баур и Д.Ф. Штраус. Швейцарлық тарихшы және заңгер И. Бахофен, француз тарихшысы Ф. де Куланж, француз жазушысы, тарихшы және филолог-шығыстанушы Ж.Э. Ренан, ағылшын тарихшысы, шығыстанушы У. Робертсон Смит, ағылшын тарихшысы және этнологтары Э.Б. Тайлор, Дж. Фрэзер, неміс тарихшысы Ю. Вельгаузен, неміс тарихшысы және философ А. Древис, австралиялық теолог, этнограф және лингвист В. Шмидт, ресейлік тарихшылар Ф.И. Щербатская, В.В. Бартольд, А.Б. Ранович, Р.Ю. Випнер, діндар және тарихшы А.В. Карташов және басқалар.

Дін әлеуметтануы: әдіснамалық бағыттардың қалыптасуы

О. Конт. Әлеуметтік философия мен әлеуметтанудың әдіснамасы және қоғам өміріндегі діннің орны мен түп негізін түсіну.

(Э. Дюркгейм). Дін әлеуметтануының негізін салу: жанұяның, саяси жүйенің және экономиканың дамуына діннің ықпалын зерттеу; діннің институционализациялану формалары; топтамалары: зерттеу әдістерін таңдау.(М. Вебер) Магия, ойлау, ғылым, дін: антропологиялық константтар және ғылыми бағыттар (Б. Малиновский). Діннің мазмұндық анықтамасы: онтологиядан зерттеу методологиясына өту. (Э. Тэйлор, Э. Дюркгейм)

Жүйелі бағыт бүтін объектілерді танудың әдіснамасы ретінде

Жүйелі бағыттың ерекшеліктері. Жүйелі бағыттың пәнаралық мінездемесі. Объектінің толық интегративтік моделі Зерттеу объектісі. Зерттеу бөлінуі. Таным логикасы. Әдіснамалық принциптер, категориальдық-ұғымдық аппараттар, зерттеу процедурасы, жүйелі бағыттың методтары және айлалары. Жүйелілік Қатты жүйелер теориясы. Жұмсақ жүйелер теориясы. Өзін-өзі ұйымдастыру теориясы. Дінді зерттеуде жүйелі бағытты қолдану.

Маман үшін дінтанулық әдіснамалар туралы түсініктердің мәні

Дінтану әдіснамасының басқа ғылыми пәндермен арақатынасы. Жеке тұлғаның ойлау операциясы. Сараптау. Синтез. Жалпылау. Топтау. Таным қызметі. Ойлау. Шығармашылық. Қызмет. Сын. Өзаратүсінік, пәнаралық бағдарлама.

Дінді теологиялық тұрғыда түсіндіру әдіснамасы

Діни тәжірибе негізінде діннің «ішінде болу» ұғымы. Діннің супранатуралистік анықтамасы. Теологияның тарихи мектебі. Э. Трельчтің дінді «тарихи тәсіл арқылы қарастыру» әулиенің күйзелісінің діні. Р. Отто; «Құдайдағы біздің өміріміз және біздегі Құдайдың өмірі» П.А. Флоренский; діннің онтологиялық және феноменологиялық анықтамасы. Т. Лукманның көрінбейтін діні. Трансценденттік – имманенттік күйзеліс, адамзатпен салыстырғанда жоғары тұратын біреуге деген сенім. Дін дегеніміз трансценденттіліктің күйзелісі С.Н. Булгаков. Космоса П.Л. Бергердің қасиетті Ғарыш конструкциясы. Ф. Шлейермахер «Білімді адамдарға және дінді жек көрушілерге дін туралы» («Речи о религии к образованным людям, ее презирающим»).

Дінді философиялық түсіндірудің әдіснамасы

Діннің жеке адам мен топтың, қоғамның өміріндегі рөлі. Д. Юм діннің табиғи тарихы туралы. И. Канттың дін философиясы. Определение религии И. Канттың өз философиялық жүйесі контекстіндегі дінге берген анықтамасы: априоризм, «өзіндік зат» пен құбылыстың бөлінуі, «өзіндік заттың» танылмауы, трансценденттілік пен трансцендентальдық және т.б. И. Канттың «Религия в пределах только разума» «Тек ақыл шеңберіндегі дін». Ф. Гегелдің дін философиясы. Құдай – бұл абсолюттік идея, рух. Дін «жанның рухқа қатынасы». Діни сана, діни қатынастану. Құдай болмысының онтологиялық дәлелдемесі. «Позитивті Ашылу діні». Л. Фейербах діннің мәні туралы Діннің негізі, тамыры, қайнар көзі, фоны. Табиғи дін және рухани дін. К. Маркса пен Ф. Энгельстің дінге қатысты көзқарастары. Дін қоршаған ортаны игерудің бір тәсілі ретінде.

Дінді биологиялық және психологиялық түсіндірудің методологиясы

Дін – бұл «адам ағзасының психофизиологиялық функциясы». Діни инстинкт, діни сезім. Діни тәжірибе. У. Джеймс. Субъективті діни феномендер. Л. Леви-Брюль. Мистикалық және пралогикалық ойлау. Ұжымдық көзқарас және дін В. Дильтей. Дін туралы түсінетін психология. З. Фрейд. Психоанализдегі діннің тұжырымы. К.Г. Юнг. Ұжымдық бейсаналық. Э. Фромм. «Гуманистік психоанализ».

Діннің мазмұндық анықтамасы: онтологиядан зерттеу методологиясына өту

Э. Тайлор. Анимистік теория. Адамзат тарихы табиғат тарихының бөлігі. Анимизм теориясындағы екі негізгі догмат. Ғибадат, миф, культ, діни сенімдер. Дж. Фрэзер. Магия мен дінді қарысы қою. Магия. Дін. Ғылым. Адам-құдай идеясының қалыптасу жолдары. Р. Маретт. Динамизм концепциясы. Табу және мана категориялары. Б. Малиновский. Дін мәдениеттегі үндестік моделінде. Сакральдық және профандық. Мәдениеттің үндестік моделі. М. Мюллер. Мифологиялық – лингвистикалық концепция. Мифтер мен діннің қалыптасуына тілдің ықпалы. Ф. Соссюр. Дінді зерттеуде белгілер жүйесін қолдану. К. Леви-Строс. Миф пен діндегі «жабайы» ойлаудың сезімдік сапасының логикасы.

Әлемге діни тұрғыда қатынасқа діннің ықпалы

Дінді зерттеудің гносеологиялық аспектісі. Діни сана ерекшелігі. Діни сенім. Діни ілім түсінігі. Теургия және теодицея. Сенімнің гносеологиялық позициясы және

рационализмнің когнитивтік ұстанымдары. Дін тарихындағы сенім мен ақылдың байланысы. Дін мен ғылым арасындағы сұқбат мәселесі. Әлемнің діни және ғылыми суретінің байланысы.

Қазіргі дін философиясының негізгі алғышарттары (методологиялық негізі)

Дінді сараптаудың феноменологиялық методы. Дін феноменологиясы түсінігі.

Діни символдар мен діни тілді зерттеудегі герменевтикалық методтың мәні. Қазіргі дінтанудағы структурализм мен постструктурализмнің методологиялық әдістері.

Дінтанудың философиялық-ғылыми сараптамасы

Дінтану рациональды ойлаудың бір түрі. Дінтану және әдістеме. Әдіснамалық сараптаманың көп деңгейлі концепциясы. Дінтанудағы ғылыми зерттеу әдістері. Дінді зерттеу әдістердің мәселесі. Дінтанудағы аксиоматикалық әдіс. Формалдау әдісі және оның дінтануда қолданылу деңгейі. Абстрактылықтан нақтылыққа көтерілу әдісі. Тарихи және логикалық әдісі. Дінтанудағы тарихилық принцип. Дінге қатысты құрылымдық-функциональдық бағыт. Дінтанудағы моделдеу әдісі. Дінтанудағы теоретикалық және эмпирикалық зерттеулер. Дінді зерттеу мәселерінде виртуальдық объектілер жасау. Компьютерлік моделдеу және оның дінтануда қолданылу деңгейі.

Қазіргі дінтанудың жағдайы

Қазіргі батыстық дінтану мектептері. Дінді зерттеудегі салыстырмалы көзқарас. Тарих және қазіргі отандық дінтанудың жағдайы. Қазіргі дін философиясының пәндік саласы, діни сенімдердің ақиқаттылығы және рациональдығы, діни тіл ерекшеліктері. Қазіргі дінтанудың методологиялық мәселелері. Дінтану тарихындағы тарихи-эволюционистік бағыттар. Дінді зерттеудегі салыстырмалы-тарихи методтары. Дінтанудағы құрылымдық-функциональдық зерттеулер.

Қазақстандық дінтану

Қазақстандық дінтану: мәселелері және болашағы. Қазақстандық дінтану маңызды ізденістер жолында: практикалық өлшемдер. Қазіргі эпистемологиядағы Қазақстандық дінтану. Дінтанудағы метатеория. Реализм Ресейлік және Қазақстандық дінтанудың методологиялық принципі. Отандық дінтану тарихы: 1920-1930-шы жылдардағы дінтанулық зерттеулер мәселелері. Қазақстандағы дінтанудың қалыптасуы мен дамуындағы ғылыми атеизм кафедраларының рөлі. Қазіргі қазақстандық дінтанудағы әр түрлі көзқарастар: когнитивтік өлшем. Қазіргі қазақстандық дінтанудағы мәселелер. Қазіргі Қазақстандағы діни психология. Қазіргі Қазақстандағы дінтанудағы екі парадигма. Қазіргі Қазақстанның қоғамдық жүйесіндегі дін. Қазақстандық дінтанудағы дін социологиясы мәселелері. Дінтану зерттеулерінің шексіздігі. XX – ғасырдың екінші жартысы ХХІ басындағы Қазақстандағы исламтану. Құмран: қауымдардың бірегейлігі мәселесі.

Пән «Дінтанудың қазіргі мәселелері»

Дінді зерттеудегі негізгі бағыттарға сараптама

Діннің пайда болуы. Негізгі гипотезалар (натуралистік, анимистік, антропологиялық, әлеуметтік, протодін гипотезасы). Негізгі дүниетанымдық жүйелер (теизм, деизм, пантезм, атеизм, политеизм, анимизм, тотемизм). Діни ұстанымдар. Діннің пайда болуы мен мәні туралы исламдағы, христиандықтағы, буддизмдегі түсініктер. Догматтардың болуы мәселесі. Христиандық - догматы қалыптасқан діни жүйе. Догмат және канон. Қасиетті Жазбалар мен Қасиетті Ілімдер. Анықтамалардың түрлері: теологиялық түсініктеме (Э. Трельч, Р. Отто, П.А. Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукман және басқалар.) философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф.Гегель, Л. Фейербах және басқалар.), социологиялық (М. Вебер, Б. Малиновский, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс және басқалар) биологиялық және психологиялық (У. Джеймс, Л. Леви-Брюль, З.Фрейд, Э.Фромм, К.Г. Юнг және басқалар.), этнологиялық бағыттар. Әлеуметтік – гуманитарлық ой тарихындағы дін: методологиялық аспектілері. Дінді зерттеудің ғылыми принциптері.

Дін символдық жүйе ретінде

Дін социологиясындағы діннің анықтамасының варианттары. Дінді семиотикалық тұрғыда түсіндіру жолдары. Дінді адамзат тәжірибесін ұйымдастырушы символдық

белгілердің жүйесі ретінде қарастыру. Семиотикалық бағыт шеңберіндегі миф, магия, сиқыр теориясы.

Діни дүниетанымдағы әлемнің символикалық тәртібі. Әлемнің діни суреті және діни антропология (теоцентризм).

Діннің реттеушілік мүмкіншілігі. Мораль және дін. Діни этика және адамгершілік мәселелері.

Дін туралы ғылым және діндер тарихы

Дін тарихи-философиялық процестің бір компоненті ретінде. Фольклорды зерттеуші ағайынды Гриммдер, Мифология және салыстырмалы лингвистика Ф.М. Мюллера, Дінді тарихи феномен ретінде зерттеу.

И.Я. Баховен. Ағартушылар дін туралы. Дін туралы ғылым пәні. Дін туралы ғылымның негізгі тараулары. Ұғымдар мен терминдер классы: болмыс, сана, таным, көрініс, символ, ақиқат, мәдениет, және басқалар. Дінтану методикасындағы теориялық материалдар мен фактыларды мазмұндаудың принциптері. Курстың мақсаты мен міндеттері.

Діндерді топтамалау принциптері

Діни феномендер мен формаларды топтамалау проблемалары. Топтамалаудың нормативті, философиялық, феноменологиялық, неолингвистік және морфологиялық принциптері. Діннің тарихи топтамасы.

Теологиялық түсіндірме

Исламдық, христиандық, буддалық зерттеушілердің дінге берген түсініктері. Діни гипотезалар: пантеистік, деистік, теистік; олардың мазмұны және айырмашылықтары. Көрінбейтін дін.

Философиялық концепциялар

Діни емес гипотезалар; олардың топтамасы. Ойлап табу теориясы. Келісімшарт теориясы. Эвгемеризм теориясы. Натуралистік гипотезалар; оның түрлері. «Гносеологиялық» теория. Қорқыныш теориясы (Демокрит, Спиноза, Юм).

Социологиялық концепциялар

Саяси гипотезалардың мәні. Социологиялық теориялар (М. Вебер, Э. Дюркгейм, Г. Зиммель). Дінге қатысты жүйелі-функциональдық бағыт.

Биологиялық және психологиялық түсініктемелер

Дінді психологиялық тұрғыдан түсіндіру негіздері. У. Джеймстің психологиялық теориясы. В. Дильтейдің түсінетін психологиясы. Психоанализдегі діннің түсіндірмесі.

Этнологиялық теория

Тайлордың анимистік теориясы және оны фальсификациялау. Магия мен дінді қарысы қою (Дж. Фрэзер). Бейімделу теориясы (Маретт, Робертсон-Смит, Малиновский, Радклифф-Браун, Леви-Брюль).

Мифологиялық – лингвистік концепциялар

Дінді салыстырмалы зерттеудің мәні. Мифологиялық концепция. Дінді белгілер арқылы зерттеу. «Жабайы» ойлау логикасы. Бинарлық оппозиция және оның шешілімі.

Феноменологиялық концепция

Дін феноменологиясының қалыптасуы. Р. Отто теориясы. Дін феноменологиясымен басқа дінтанулық пәндердің қатынасы. Г. Ван дер Леув, М. Элиаденің дінтанулық еңбектері.

Дінді герменевтикалық бағытта зерттеудің қалыптасуы

Герменевтика ғылым ретінде. Герменевтика және антикалық дәстүр. Герменевтиканың қасиетті мәтіндерді түсіндіруші ретіндегі анықтамасы. Герменевтика діни сенім догматтарын түсіндіру және талқылау тәсілі. Филон Александрийский; Аврелий Августин; Фома Аквинский; Мартин Лютер. Өркендеу ғасыры: Эразм Роттердамский; Джаноццо Манетти.

Дін философиясы

Дінді философиялық тұрғыда қарастыру ерекшелігі. Дін философиясы, діни философия, теологияның арақатынасы. Антикалық философиядағы дін туралы

философиялық білімнің дамуы. Жаңа замандағы дін туралы көзқарастар. «Табиғи дін» теориясы. Ағартушылығындағы дінге қатысты сыни көзқарастар. Философия религии в немецкой классической философии.

Л. Фейербахтың антропологиялық концепциясы. «Мәдениет философиясындағы» дін концепциясы. Дін және «миф философиясы». ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ философиясындағы дін концепциясы.

Дін психологиясы

Дін психологиясының дінтанудың бір тарауы ретінде қалыптасуы. Дін психологиялық феномен ретінде. Дінді психологиялық бағытта зерттеудің ерекшелігі. Діннің психологиялық негіздері. Діни сенім феномендерін, діни және мистикалық тәжірибеге психологиялық сараптама жасау. Діннің психологиялық теориялары: психоаналитикалық, бихевиористік теория, дін туралы экзистенциальдық және гуманистік психология. Трансперсональдық күйдің психологиялық сараптамасы (С. Гроф). діни топ психологиясы, діни тұлғалардың психологиялық типтері.

Дін социологиясы

Дін социологиясының дінтанудың бір тарауы ретінде қалыптасуы. Дінді социологиялық бағытта зерттеудің ерекшелігі. Діннің әлеуметтік негіздері. Дін социологиясындағы жүйелі функционализм О. Конт. «Позитиві дін». Г. Спенсер дін социологиясы.

Дін феноменологиясы

Дін феноменологиясының дінтанудың бір тарауы ретінде қалыптасуы. Дінді феноменологиялық сараптау ерекшелігі. Суреттеуші және түсіндіруші дін феноменологиясы. Діни феномендерді топтамалау мәселесі. Дін феноменологиясының философиялық алғышарттары. (Ф. Шлейермахер, М. Шелер, Э. Гуссерль), Классикалық дін феноменологиясы (Шантепи дела Соссе, Г. ван дер Леув, Р. Отто, Г. Ваарденбург, М. Элиаде). «Қасиеттіліктің» феноменологиялық сараптамасы: дін «қасиеттімен» кездесу ретінде. Homo religious. Дін феноменологиясындағы діни тәжірибе анықтамасы. Діни символдар мен ғибадаттар. Герменевтика және дін феноменологиясы.

Пән «Мемлекеттік дін туралы заң»

1985-1990 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы діни реформалардың басталуы. КСРО-дағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай. Кеңес Одағындағы саяси реформалар. Коммунистік партия дін, атеистік білім, ар-ождан бостандығы және мемлекеттік-конфессиялық қатынастар туралы. КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңес және оның одақтас республикалардағы органдары. Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы бүкілодақтық заң және оны Кеңес Одағы республикаларында қолдану тәжірибесі. Қайта құру және жариялау курсының бағдарламалық мақсаттары мен міндеттері үшін «Дін мәселесі». Қазақстан Республикасындағы діни ахуал. Діни бірлестіктердің жағдайы мен қызметін реттейтін республикалық нормативтік құқықтық актілер. Діни бірлестіктердің ар-ождан бостандығы туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жүйесі. Қайта құру және жариялылық жағдайында Қазақстан Республикасында тәуелсіз діни саясатты қалыптастырудың алғашқы кезеңі. Қазақстанның діни өмірі: қиындықтар, жандану мәселелері. Қазақстандағы негізгі конфессиялардың сандық параметрлерінің динамикасы туралы статистикалық мәліметтер.

Қазақстан Республикасындағы діни мәселені шешудің саяси-құқықтық аспектісі

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың өзгеруі. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың құрамдас элементтері. Қазақстан Республикасындағы діни мәселені шешудің саяси-құқықтық аспектісінің даму кезеңдері. 1992 жылғы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы, Қазақстан Республикасының

Конституциясы. 1996 жылғы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы. Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің Хатшылығы ретіндегі мемлекеттік құрылым. Қазақ мемлекеттік заң академиясының Ислам құқығын зерттеу орталығы (2000 ж. - ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану Институты жанындағы исламтану орталығы (2003).

Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңдары

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң (1992 ж.), Ар-ождан бостандығы, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстандық заңнаманың түсінігі мен құрамдас бөліктері туралы. Мемлекет және дін. Мемлекет және діни бірлестіктер. Діни бірлестіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, дінге қарамастан, заң алдында тең. Мемлекеттік (жергілікті) мемлекеттік органдар және діни ұйымдар. Ар-ождан бостандығы туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылау және мониторинг: заңнамалық база және оны іске асыру механизмі. Діни сараптама. Уәкілетті орган дінтану сабақтарын өткізуді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасындағы діни қызмет.

90-жылдардағы ар-ождан және діни сенім бостандығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.).

XX ғасыр ар-ождан бостандығы және діни сенім бостандығы туралы қағидалар мен ережелерді әзірлеу. Мемлекеттің зайырлы сипаты, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі. Дінге қатынасына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі. Діндер мен діни бірлестіктердің заң мен мемлекет алдындағы теңдігі. Ар-ождан және дін бостандығы саласындағы адам мен азаматтың құқықтары: жалпы және арнайы. Халық ағарту жүйесінің, мемлекеттік қызметтің зайырлы сипаты. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде балама қызмет ету құқығы. Ар-ождан бостандығы саласындағы өкілеттіктер мен мінез-құлық субъектілерінің федералды билік органдары мен Ресей Федерациясының құрылтай субъектілері арасында саралануы.

«Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы» заңы: құрылымы, негізгі ережелері және заң әзірленген жағдайлар мен жағдайлардың практикалық орындалуы. Қазақстандық қоғамда және шетелде заң жобаларының тұжырымдамалық негіздері мен негізгі ережелері мен нормалары төңірегінде пікірталастар. Үкіметте заңды талқылау және қабылдау. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның міндеттері мен мәні. Мемлекет және діни бірлестіктер: қатынастар принциптері. Заң тарауларының негізгі мазмұны: «Діни бірлестіктер», «Діни ұйымдардың құқықтары мен шарттары», «Ар-ождан бостандығы, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңнаманың орындалуын бақылау және бақылау». Заңның орындалуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, әкімдіктердің және Дін істері басқармасының негізгі нормативтік құқықтық актілері. Заң талаптарына сәйкес діни бірлестіктерді қайта тіркеудің тәртібі мен шарттары.

Пән «XX ғасырдағы дін философиясы»

Дін философиясы теориясының негізгі түрлері. Дін философиясының дінтанулық білім жүйесіндегі орны

«Дін философиясы» ұғымы, оның кең және тар мағыналары. Дін философиясының жеке білім саласы ретінде пайда болуы, оның діндерді зерттейтін басқа пәндермен байланысы, олардан ерекшелігі. Дін философиясы пәні бойынша пікірталастар, жалпы пәндік саланы анықтау. Дінді және діни сенімді зерттеу саласындағы философияның компетенттілігінің әдіснамалық мәселесі. Дін философиясында қазіргі философия мен гуманитарлық ғылымдардың әдістерін пайдалану. Дін философиясының негізгі құрылымдық компоненттері (формалары): философиялық дінтану және философиялық теология. Дін философиясы философиялық дінтану және ғылыми дінтану ретінде (діндер тарихы, дін психологиясы, дін социологиясы және т.б.). дін философиясы философиялық теология және догматикалық теология ретінде (ортодоксия және мистицизм). Дін философиясының негізгі дүниетанымдық типтері, бағыттары (традиционализм және антитрадиционализм) және

олардың тарихи түрлері: антикалық космоцентризм, ортағасырлық теоцентризм, жаңа еуропалық прогрессизм және антропоцентризм.

XIX-XX ғғ. Батыс дін философиясы

XX ғ. дін философиясының ерекшеліктері, оның негізгі бағыттары және олардың дінге қатынасы. Неопозитивизм және постпозитивизм, прагматизм, неореализм, натурализмдегі дін мәселелері. Дінді геогегельдік және неоканттық дін түсіндірмелері, Э. Кассирердің мәдениеттің рәміздік формалары философиясындағы дін. Феноменология және оның XX ғ. дін философиясына әсері. Өмір философиясы дін туралы, А. Бергсонның интуитивизмі, оның «мораль мен діннің екі бастауы» концепциясы. Дінді және діни сенімді экзистенциалистік және персоналистік интерпретациялау. Философиялық герменевтика дін туралы, діни мәтіндерді түсіну мәселесі. XX ғ. діни философиясы мен теологиясында дінді саралау. Дінге материалистік трактовкалар. XX ғ. отандық философия дін туралы. Шығыс елдеріндегі дін философиясы.

XX ғ. дін философиясындағы негізгі концептуалды бағыттар

XX ғ. дін философиясының ерекшеліктері, оның негізгі бағыттары. Прагматистік-позитивистік философиялық дінтану эволюциясы: Джемс, Л. Витгенштейн, Плеснер, Гелен, Флю, Берк, Нельсен концепциялары және неоканттық діни-философиялық құрылымдар; Э. Кассирердің мәдениеттегі рәміздік формалар философиясындағы дін және құдай. «Өмір философиясы», феноменология, философиялық герменевтика дін философиясы мәселелері туралы (А. Бергсон, Э. Гуссерль, Гадамер). «адамға қарай бетбұрыс» қазіргі философиялық теологияның басты ерекше сипаты ретінде: Маритен, Марсель, Тейяр де Шарден, Барт, Тиллих, Швейцер, Хенгстенберг, Ранер концепциялары. Психоанализ (З. Фрейд, Юнг, Э. Фромм), экзистенциализм (К. Ясперс, М. Хайдеггер, Ж.-П. Сартр, А. Камю), персонализм және философиялық антропология (Шелер, Корет) концепцияларындағы діни даналық мәселелері.

К. Леви-Стросстың дінді структуралистік талдауы. Дінге деген зерттеу тұрғысынан келген ұстанымдарда феноменология мен герменевтиканың әдіснамалық маңызы. (Э. Гуссерль, Р. Отто, Й. Вах, Г. ван дер Леув, Г.-Г. Гадамер). Экзистенциалды философиядағы діни мәселелер (К. Ясперс, М. Хайдеггер, Г. Марсель, М. Бубер). Діни мәдениет және Дж. Тойнби философиясындағы Шіркеу.

Адамзаттың мәдени эволюциясындағы прогресс идеясы. Сын – жауап концепциясы. Тарих философиясы концепциясы. Тойнбидің тарихи философиясындағы Шіркеудің пайда болу болуы мен оның мәдени маңыздылығы. Өркениеттер типтері. «Вселендік Шіркеулер» ұғымы. Дін туралы миф философиясы (М. Элиаде).

М. Элиаде шығармашылығында «мәдени архетип» ұғымы. Символдардың жіктелуі. Қасиетті кеңістік және қасиетті уақыт. Діндегі рәсімдердің мәні. М.Элиаде теориясы терминіндегі христиандықты интерпретациялау. Діннің қазіргі батыс теориялары (XX ғ. соңы – XXI ғ. басы).

Шығыс елдеріндегі дін философиясы. Батыста неоиндуистік (С. Вивекананда) және буддистік (Д. Судзуки) прозелетизмнің теориялық негіздемелері. Индуистік және постиндуистік қоғамдағы діннің орны мен мағынасының өзгеруі: релятивизм, секуляризация. Постмодернистер философтарының шығармашылығындағы дін (Ж. Батай, М. Фуко, Ж. Делез, Ф. Гваттари, Ж.Ф. Лиотар).

Орыс ойшылдарының дін философиясы

Діни аян және антикалық философия Н.Трубецкой дүниетанымының өзегі ретінде. Н.Трубецкойдың ойлау объектісі ретінде діни аян және ежелгі философия. Е.Н. Трубецкой: діни-әлеуметтік идеал, «Өмірдің мәні». П. Флоренский философиясындағы мәдениет және культ. С. Булгаков софиологиясы. Карсавиннің философиясындағы мәдениеті және дін. Д.С. Мережковский және «жаңа діни сана».

Н.А. Бердяев: дінді экзистенциалды түсіну. Н.А. Бердяев түсінігіндегі еркіндік, шығармашылық, тұлға, мағына концептілері. Шіркеулік-мемлекеттік христиандықтың дағдарысы және «мистикалық христиандық еркіндігі». Дінді философиялық зерттеудің

методологиялық ұстанымдары. А.Ф. Лосев шығармаларындағы дін және мифология.

XX ғ. екінші жартысындағы Ресейдегі дін философиясы.

С.С. Аверинцев: дін және мәдениет, мәдени архетиптер, христиандықтың мәдени мағынасы, дін және өнер. А.М. Пятигорский: «миф феноменологиясы», дін концепциясы, дін феномендері мен діни мифті методологиялық зерттеу. В.В. Биbihин түсінігіндегі философия мен діннің ара-қатынасы.

Қазақ ойшылдарының дін философиясы

Қазақ философиясы дереккөздерінің кезеңделуі, мифтік-рәсімдік және социо-мәдени негізделуі мәселелері. Дәстүрлі түсініктер мен сенімдердің философиялық аспектілері. Жырау шығармашылығының философиялық аспектілері. Қазақ философиясының экзистенциалды мотивтері. Антропоцентризм және Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин философиялық көзқарастарының гуманизмі. Абай Құнанбаев адам мен Құдай қарым-қатынасы, сенім мен білім, адам тіршілігінің мәні туралы. Шәкәрім Құдайбердиевтің философиялық шығармашылығы. XIX ғ. соңы мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ интеллегенциясы еңбектеріндегі философиялық мәселелер. Қазіргі отандық философияның даму ерекшелігі мен негізгі бағыттары.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«8D02203 – Дінтану» мамандығы бойынша оқуға түсушінің білімін бағалау келесі құзыреттіліктерге сәйкес болуы тиіс:

- зерттеудің жаңа әдістеріне өз бетінше игеру, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми және ғылыми-өндірістік бейінін өзгертуге, қоғамда туындайтын мәселелерді өзгертуге және шешуге қабілеттілік;

- стандартты емес шешімдер қабылдауға, проблемалық жағдайларды шешуге қабілетті, кәсіби құзіреттілік шеңберіндегі өз шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдауға дайын;

- қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және рухани даму тенденцияларын ғылыми талдауға негізделген дінтанулық, философиялық және ғылыми әдебиеттерді өз бетінше талдауға, болжау жасауға және ұсыныстар жасауға, кітапхана қорлары, мерзімді басылымдар т.б.арқылы ақпарат іздеуді жүзеге асыру;

- стандартты кәсіби міндеттерді, логикалық және сыни ойлауды, сендіру мен шешімдерді дәлелдеу.

Қабылдау емтиханын ауызша-жазбаша түрде өткізу кезінде оқуға түсушілердің білімін бағалаудың мынадай критерийлері белгіленеді:

«Өте жақсы» баға- барлық бағдарламалық ақпараттарды терең білу, қарастырылып отырған процестер мен құбылыстардың мәнін және өзара байланысын түсіну, пәндердің негізгі ережелерін қатаң білу: логикалық, мазмұнды, толық дұрыс және емтихан билетінің барлық сұрақтарына және емтихан комиссиясы мүшелерінің қосымша сұрақтарына нақты жауап беру; сұрақтарға жауаптарда ұсынылған барлық әдебиеттер материалдарын қажетті көлемде пайдалану.

«Жақсы» баға – барлық бағдарламалық материалды қатты және жеткілікті толық білу, қарастырылатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсіну; жеке мәселелер бойынша ескертулерді еркін жою кезінде қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар.

«Қанағаттанарлық» баға- бағдарламаның негізгі сұрақтарын қатты білу және түсіну, дұрыс және нақты, дөрекі қатесіз қойылған сұрақтарға жауаптар емтихан алушылардың жетекші сұрақтары кезінде кейбір ережелерді жариялауда қателіктер мен елеусіз қателерді жою кезінде, сұрақтарға жауап беру кезінде негізгі ұсынылған әдебиеттер жеткіліксіз қолданылған.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Байтенова Н.Ж. Құрманалиева А.Д. Рысбекова Ш.С. Бейсенов Б.К. [және т.б.]. Дінтану: энциклопедиялық сөздік. 1- 3-том (А-Я). 2017 г. – 495 б.
2. Кантарбаева Ж.У. Дін философиясы: оқу құралы. 20198 г. – 122 б.
3. Байтенова Н.Ж. Рысбекова Ш.С. Құрманалиева А.Д. Борбасова Қ.М. Бейсенов Б.К. Затов Қ.А. Мейрбаев Б.Б. Абжалов С.Ө. Қазақстандағы діндер: оқу құралы. 2017. – 244 б.
4. Асан А.Т. Балапанова А.С. Козырев Т.А. Религия и государственная политика Казахстана. Монография. 2018. - 242 с.
5. Рысбекова Ш.С. Рысбекова Г.Е. Дүйсенбаева А.Қ. Жастар арасындағы экстремизмнің алдын алу шаралары: оқу құралы. 2019. – 134 б.
6. Бейсенов Б.Қ. Зайырлы қоғамдағы діни құндылықтар: оқу құралы. 2017 г. – 183 б.
7. Құрманалиева А.Д. Утебаева Д.С. Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері: оқу құралы. 2019. – 178 б.
8. Байтенова және т.б. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер: конфессияаралық келісім. – Алматы, 2014.
9. Байтенова Н.Ж. және т.б. Исламдағы секталар мен бағыттар. – Алматы, 2013.
1. Мамиров М.З. книга исламских сект и вероучений. – М.: Телевидеокомпания «Исламский Мир», 2007. – 472с.
2. Лобазова О.Ф. Религиоведение. М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2016.-488 с.
3. Пивоваров А.В. Философия религии М.: Академический проект, 2019.- 640 с.
4. Религии Казахстана. Коллектив авторов кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. аль-Фараби. Алматы, 2010 421 б.
5. Лега В.П. Религиозная философия. М.: Изд-во МГЛУ, 2009.

Қосымша:

1. Қысқаша діндер тарихы. - Алматы: Әрекет Принт, – 2009.
2. Элиаде М. Трактат по истории религий. Спб, изд. «Алетейя», 1999.
3. Джеймс У. Многообразие религиозного опыта. Москва. «Наука», 1993.
4. Щелокова Е. Религиозная ситуация в Казахстане в 20-60-е годы. XX века / Евразийское Сообщество.-2003.
5. Ильин И.А. аксиомы религиозного опыта. – М. 1993
6. Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана. А, 1997
7. Васильев Л.С. История религий востока. Москва, 1998
8. «Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар және культтер»./ Коллектив авторов кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. аль-Фараби Учебное пособие. Алматы, 2012 180 б.
9. Габитов Т.Х. Соображения о тюркской философии / Тюркская философия: десять вопросов и ответов // сост.: Курмангалиева Г., Барлыбаева Г.Г.; отв. ред. Колчигин С.Ю.; Институт философии и политологии МОН Республики Казахстан; Университет «Кайнар». - Алматы, 2006. - С. 131-140.
10. Есим Г. Философия слов. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 136 с.
11. Нысанбаев А.Н. Казахская философия и универсалии традиционной культуры // Евразия. - 2001. - № 1. - С. 31-40.
12. Абай. Шығармаларының бір толық толық жыйнағы / в рус. пер.: Стихотворения и поэмы. – Алматы, 1961. - 375 с.
13. Абай. Слова назидания. - Алматы: Онер, 2006. - 136 с.
14. Шакарим Кудайбердиев // Антология казахской поэзии / сост., вступ. слово, пер. с каз. и коммент. Кодара А. - Алматы, 2007. - С. 195-198.
15. Наурызбаева А.Б. Гуманизм как концепт антропологического дискурса культуры: автореф. д-ра филос. наук: 09.00.13. - Алматы: КазНУ, 2003. - 52 с.

16. Торайгыров С. Избранное. - Алма-Ата: Художественная литература, 1958. - 168 с.
17. История казахской литературы. В 3-х т. / ред. колл.: Каратаев М. (отв.ред.) и др. - Алма-Ата: Наука, 1971. - Т. 3. - 800 с.
18. Ержанова А. Слова, как люди, разные – бывают дельные, бывают праздные // Мысль.-2001. - №7. - С.73